**2023-2024 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында-554 оқушы,** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 1-4 сыныптары үшін 6-қосымшамен, негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 5-9 сыныптары үшін 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен), 13-қосымшамен, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары 10-11 сыныптары үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 12-қосымшасын негізге ала отырып, оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жоспары әзірленді.

**Сабақ кестесі:** 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚР ДСМ №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» негізін назарға алып санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «bilimclass» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ ұзақтығы-45 минут. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқыту ұйымдастырылған. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық- техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

**Оқу жұмыс жоспарының негізгі мақсаты:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау және жүзеге асыру.

**2024-2025 оқу жылында контингент 1-11 класта 11 класс жиынтығында 564 білім алушы оқыды.**

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 № 27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-4 кластар үшін 11-қосымша, 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен 5-9 класар үшін 16-қосымша, төмендетілген оқу жүктемесімен 10,11 кластар үшін 22-қосымшаны негізге ала отырып оқу жоспары жасалды, ол педагогикалық кеңесте қарастырылды және қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім шығарылды.

**Сабақ кестесі:** 2024-2025 оқу жылында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ- 76 бұйрығы

бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, толық штаттық форматта оқытуды ұйымдастыру жағдайы басшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «Bilimclass» пайдалану арқылы жасалды. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. 2024-2025 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілді. Сабақ ұзақтығы-45 минут. Санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1-11 сыныптарда 5 күндік оқыту ұйымдастырылды. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілді. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық- техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген.

Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Bilimclass» журналында толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар «Bilimclass»-та толтырылды.

**Талдау нәтижесі:** Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

**2025-2026 оқу жылы.** ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 № 27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-4 кластар үшін 11-қосымша, 2024жылғы 27 маусымдағы №161 бұйрығымен 5-9 класар үшін 16-қосымша, төмендетілген оқу жүктемесімен 10,11 кластар үшін 22-қосымшаны, негізге ала отырып оқу жоспары жасалды, ол педагогикалық кеңесте қарастырылды және қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім шығарылды. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Bilimclass»-та толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын,

тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай, бөлінген.

**Талдау нәтижесі:** Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған.

Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

**білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сiнiруге бағытталған тәрбие жұмысын iске асыру;**

### **2023-2024 оқу жылы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйек №294 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасы ММ-нің 2023 жылғы 20 қыркүйек №398 бұйрығы, Темір ауданы білім бөлімінің 2023 жылдың 21 қыркүйек №370 бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылынан бастап мектептің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жұмыс жасады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бекітілген кешенді жоспармен 3 құндылық жүйесінде жүргізілді. Олар: ұлттық мүдде құндылығы, ар-ұят құндылығы, талап құндылығы. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөнінде төмендегідей жобалар жұмыс атқарды, оқу жылының басында жетекшілері бекітілді. «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан – төрт өнер», «9 айға – 9 іс-шара», «Ата-аналар мектебі».

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жобаларының жүзеге асырылуы:** «Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру мақсатында 7 «Ә» сынып оқушылары 22 қыркүйек күні Темір аудандық жастар ресурстық орталығының бастығы А.С. Саматұлымен кездесу өткізді. 1 қазан қарттар күніне орай интернат тәрбиеленушілері қарттардың үйіне сыйлықтарымен барып, мерекелерімен құттықтап келді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасының қатысушылары 7 «Ә» сынып оқушылары 1 қазан Қарттар күніне орай жалғызбасты қарттардың үйіне азық-түлік апарды. 10 қазан күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарына сәйкес «Менің бизнес идеяларым» тақырыбында 7 «а» сынып оқушысы Алтыбай Алия бейнеролик түсірді. 16 қараша күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 7-10 сынып оқушылары арасында «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» тақырыбында тимбилдинг өткізілді. 30 қараша күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Адал еңбек абыройға бөлейді» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. 9 қаңтар күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 7 «а», «ә» сынып оқушыларымен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» тақырыбында сайыс өткізілді. 11 қаңтар күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 7 сынып оқушыларымен «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» тақырыбында 7 сынып оқушылары аудандық оқушылар үйіне барып, үйірме жұмыстарымен танысып келді. 8 сәуір күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 5-7 сынып оқушылары арасында «Табиғат тамашалары» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. 2 мамыр күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 8 сынып оқушылары «Біз нашарлыққа қарсымыз!» челленджіне қатысты. 16-қараша күні 6 «А» сыныбында «Қоғамға қызмет» ерекітілер клубының жоспарына сәйкес 6 сынып оқушыларына «Жаным толған жақсылық» тақырыбында тренинг өткізілді. 18-19 қаңтар «Қоғамға қызмет» мүшелері мектеп ауласында және аудандағы жалғызбасты әженің үйіне барып қар ашып көмектесті. 15 наурыз

«Қайырымдылық» күніне орай денсаулығына байланысты үйден оқытылып жатқан 5 «б» сынып оқушысы Амангелді А-ға мектебіміздің «Қоғамға қызмет» мүшелері жемістерден корзина дайындады. Мектебіміздің еріктілер тобы құстарға қамқорлық жасау, табиғатты аялай білу мақсатында орталық саябаққа барып құстарға ұя орналастырды, 6 сынып оқушылары ұя жасап мектеп жанындағы интернатқа ұяларын орналастырды. 25 қазан Республика күніне орай «Ұшқыр ой» дебат клубының жетекшісінің ұйымдастыруымен «Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Қараша айында «Ұшқыр ой» дебат клубының мүшелері арасында «Зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселелерін талқылау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 21 қазан күні «Балалар және театр» жобасы аясында «Балалық шағымның мерекесі» тақырыбында 4 сынып оқушылары арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. 25 қараша күні «Балалар және Театр» жобасы аясында «Балалық шағымның мерекесі» тақырыбында 4 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді. 11 желтоқсан күні «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 3 «а», 3 «ә» сынып оқушылары арасында «Көк тудың желбірегені» тақырыбында сыныптан тыс шарасы өткізілді. 16 желтоқсан күні 7 «ә» сынып оқушысы Мырзағали Р. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» атты бейнеролигін түсірді. 11 қаңтар «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Профи ТІМЕ» мамандықтар әлемінде мектепті бітіруші түлектермен кездесу кеші өткізілді. 23 ақпан күні «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 7 сынып оқушыларына «Мектептегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 4 сынып оқушылары «Біз салауатты өмір салтын сақтаймыз!» атты флешмоб биледі. 12 сәуір «Ғарышкерлер күніне» орай «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 1 сынып оқушылары арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 10 сынып оқушыларына «Сөз қадірі – өз қадірің» тақырыбында мақал-мәтел жасыру ойыны ұйымдастырылды. 22 мамыр күні «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 8 сынып оқушыларына «Бірлік пен бейбітшілік рәміздері» тақырыбында квест ойыны ұйымдастырылды.

Қараша айында Біртұтас тәрбие бағдарламасының ұлттық мүдде құндылығы бойынша Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға ат салысу бойынша «Тарихымыздағы үш нысаны белгісі» тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы жобаларының бірі «Төрт тоқсанға – төрт өнер» және «Тоғыз айға, тоғыз шара» жобасы бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:**

13 қыркүйек күні «Төрт тоқсанға – төрт өнер» жобасы І тоқсан ақындар айтысы бөлімінің жоспарына сәйкес «Сөз зергері – өрнектеген өмірді» атты портреттік кеш өткізілді. 8,10 сынып оқушылары аудандық кітапханаға барып, өңір ақындарының шығармашылығымен танысты. 21 қыркүйек күні «Төрт тоқсанға – төрт өнер» жобасы аясында оқушылар «Ақындар айтысы» бөлімінің жоспарына сәйкес күй орындады. 29 қыркүйек күні «Төрт тоқсанға – төрт өнер» мәдени-ағартушылық жобасы аясында Республика күніне орай мектебімізде «Ақындар айтысы» өткізілді. Оқушылар мен жетекшілеріне дипломдар мен сыйлықтар табысталды. 6 қазан күні «Төрт тоқсанға – төрт өнер» жобасы «Ақындар» бөлімінің жоспарына сәйкес тарих пәні мұғалімі 5 сынып оқушыларын аудандық мұражайға апарып келді. 10 қазан күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасының І тоқсан ақындар айтысы іс-шаралар жоспарына сәйкес 5 «ә» сыныбында «Тарихқа тағзым» викториналық сайыс өткізілді. 11 қазан күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасының І тоқсан ақындар айтысы іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілеріне жас ұрпаққа қазақ тарихындағы өшпес орын қалдырған қазақ хандары, батырлары, зиялылары туралы мағлұмат бере отырып «Ұлы даланың, ұлы есімдері» тақырыбында тарихи кеш өткізілді. 13 қазан күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасының І тоқсан ақындар айтысы іс-шаралар жоспарына сәйкес «Домбырам менімен егіз бе едің?» тақырыбында концерт өткізілді. 16 қазан күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасының І тоқсан ақындар айтысы іс-шаралар жоспарына сәйкес мектебіміздің оқушылары ұлттық киім киіп келді.

8 қыркүйек күні «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» жобасы аясында 1-11 кластар аралығында бірыңғай «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. қараша күні «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» жобасы аясында мектеп оқушылары арасында «Алтын сақа» республикалық челленджі ұйымдастырылды. 23 қазан күні «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында 25 қазан республика күніне орай бірыңғай Әнұран орындалды.

14 желтоқсан күні «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Ел мұраты - тәуелсіздік» тақырыбында бірыңғай диктант алынды. 26 қаңтар күні «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Қазақ есебі» челленджі өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы жобаларның бірі «Ұлттық мектеп» лигасы аясында мектепшілік, аудандық және облыстық жарыстарға оқушылар мен педагогтер белсене қатысты. 13 қараша күні «Ұлттық мектеп» лигасы аясында 7-11 сыныптар аралығында волейболдан жарыс өткізілді. 22 қаңтар күні «Ұлттық мектеп» лигасы жобасы аясында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында 4-5 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақтан сайыс өткізілді. 31 қаңтар күні «Ұлттық мектеп» лигасы аясында 5-6 сыныптар арасында ұлдар аарсында «Бес табан» және қыздар арасында «Бес тас» жарысы өткізілді.

Білім алаушылар арасында экологиялық білімді насихаттау мақсатында жыл ішінде бірнеше жұмыстар атқарылды. 25 қазан Республика күніне орай «Таза табиғат» экологиялық акция аясында 9 сынып оқушылары мектеп ауласында сенбілікке шықты. 31 қаңтар күні мектепалды даярлық тобының оқушылары құстарға қамқорлық көрсетіп ата-аналарымен бірге ұя жасады. 29 қаңтар күні бастауыш сыныптарда «Табиғат сенің өз үйің» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 27 сәуір күні «Жасыл Қазақстан» экологиялық акция аясында оқушылар мен ата-аналар мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. 3 мамыр күні «Менің қалам – таза қала» сенбілік акция аясында 5 «Б» сынып оқушылары Қызылжар саябағында тазалық жұмыстарын жүргізді. 6 мамыр күні «Таза Қазақстан!» экологиялық акция аясында мектеп түлектері ағаш көшеттерін отырғызды.

24 қараша күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жанынан құрылған «Даналық» мектебінің жоспарына сәйкес «Әже» даналығы клубының мүшелерімен «Ертегі танымның көзі» тақырыбында кездесу өткізілді. 15 желтоқсан күні «Даналық» мектебінің жоспарына сәйкес «Әже даналығы» клубының мүшелерімен «Ырым-тыйым – әдептілік негізі» тақырыбында кеш өткізілді. «Даналық» мектебінің жоспарына сәйкес «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында жеті аталары туралы бейнеролик түсірілді. 26 ақпан күні «Даналық» мектебінің жоспарына сәйкес «Ағасы бардың – жағасы бар» тақырыбында жоғары сынып оқушылары және ағаларын қатыстыра отырып пікір сайыс өткізілді.

2023-2024 оқу жылында мектептің ата-аналар комитетінің құрамы қайта сайланды. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып Айтқалиқызы Айымгүл сайланды. Ата-аналармен жүргізілетін жоспар құрылды. Жоспар бойынша және жоспардан тыс жұмыстар атқарылды.

8 қыркүйек күні 1-11 кластар аралығында бірыңғай ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 2023-2024 оқу жылындағы келісім шартқа отыру және мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру; «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 13 қазан күні 5-6 сынып әкелерінің қатысуымен «Әкем айтқан нақыл сөз» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді. 2 қараша күні «Біртұтас тәрбие – құндылықтар жүйесі» тақырыбында бірыңғай ата-аналар жиналысы өткізілді. 5 қаңтар күні діни экстремизмнің алдын алу, бала тәрбиесі тақырыбында дін істер орталығы мамандарын қатыстыра отырып жиналыс өткізілді. 2 ақпан күні даярлық тобының ата-аналарымен «Қыс қызықтары» атты эстафеталық жарыс ұйымдастырылды. 6 наурыз күні ата-аналар комитеті мүшелерімен 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысы біртұтас тәрбие жоспарына сәйкес «Атадан – өсиет, анадан - қасиет» тақырыбында отбасылық дәстүрлер туралы дөңгелек үстелмен жалғасты. «Бәрі де өзіңнен басталады» мерекелік концерт өткізілді. Концертке ата-аналар мен мұғалімдер қатысып, мектеп директоры атынан Алғыс хатпен марапатталды. 6 наурыз күні ата-аналар комитеті мүшелерімен

«Атадан – өсиет, анадан - қасиет» тақыпыбында кездесу өткізілді. 10 сәуір күні біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Әке асқар тау» атты әкелер арасында дөңгелек үстел өткізілді. 15 сәуір күні 7-9 сынып оқушылары және ата-аналарына «Денсаулық FEST» атты марафон өткізілді. 12 мамыр Аналар клубының мүшелерімен «Іскер ана, икемді қыз» атты 9,10 сынып қыз балаларына іскерлік кездесу өткізілді, 8-9 сынып оқушылары құттықтау бейнероликтерін түсірді, «Мейірім» аналар клубының мүшелерімен «Moms talk» сұхбат өткізілді. Кездесу барысында қыздар аналарымен бірге тамақ дайындады. 30 мамыр күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздіне орай қолхат алынды. «Әкелер» күніне орай мектеп жанындағы лагерде әкелермен бейнероликтер түсірілді, балалармен әкелеріне арнап толғау, арнаулар түсірді және әкелермен футбол ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында оқушы саны 554, класс комплекті саны 25, класс жетекші саны 25 болды. Бастауыш сыныптар бойынша 229 оқушы, 5-9 сыныптар бойынша 260 оқушы, 10-11 сыныптар аралығында 67 оқушы. Мектеп жанындағы интернатта 31 оқушы тәрбиеленуде. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 ақпандағы №13067 болып тіркелген, «Білім туралы» ҚР Заңының 5-бабы 34 –тармақшасына сәйкес сынып жетекшілердің құқықтары мен міндеттері таныстырыла отырып, «Сынып жетекшілер» бірлестігі құрылды. 01.09.2023 жылғы №135 бұйрыққа негізінде сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі болып Тулебаева Г.Т. тағайындалды. Бірлестік жұмысын ұйымдастыруда жұмыс жоспары құрылып, ай сайын отырысы өткізіліп отырды.

**Сынып жетекшілер бірлестігінің өзекті мәселесі:** «Тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда класс жетекшілердің ұйымдастырушылық-педагогикалық әдістемелік шеберліктері мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру»

**Мақсаты:** класс жетекшілерге заманауи озық технологияларды, әдіс-тәсілдерді меңгерту үшін әдістемелік көмек көрсете отыра, өз кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге, тәжірибелерін жинақтап таратуға жағдай жасау.

**Сынып жетекшілердің алға қойған міндеттері:**

озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау;

үздік сынып жетекшілерін анықтау;

ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау;

БАҚ көздеріне, интернет желісіне жариялау;

Класс ұжымымен, жекелеген оқушылармен, ата-аналармен жүргізілген тәрбие жұмысын үйлестіру.

**Сынып жетекшілердің кадрлық құрамына сараптама**

Облыстық білім басқармасының 2021 жылғы 24 ақпан №2-988 хатын негізге ала отырып, «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі болып тәлімгер Базар Н.С. тағайындалды. Оқу жылының басында жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылды. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп президенті және 8 фракциядан құралады. 19 қыркүйек күні 2023-2024 оқу жылындағы «Мектеп парламентіне» сайлау өткізілді. 5 қазан – Ұстаздар күніне орай «Жас Ұлан» ұйымның мүшелері барлық ұстаздарды құттықтады. 9 қазан күні Жас Ұлан балалар ұйымының жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар арасында «Алтын күз кереметтері» көрмесі ұйымдастырылды.

Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқу жылының басында кеңес мүшесі тағайындалып, жоспары құрылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша педагогтер, білім алушылар және олардың ата-аналарымен төмендегідей жұмыстар атқарылды: 5 қыркүйек күні жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында «Назар аударыңыз – балалар!» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында «Жас жол инспекторлары» тобы флешмоб түсірді. Оқушысы саны 9. 29 қыркүйек күні Темір ауданы полиция бөлімі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны А.Жалғасова «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,

қолдау орталықтары туралы ақпарат берді. Темір ауданы полиция бөлімі майор Қарасаева Ғ.Г. «Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс өткізді. Қатысқан оқушылар саны 60. 29 қараша күні Темір ауданында өтіп жатқан «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шара аясында Темір ауданы ПБ бастығы полиция полковнигі Б.А. Бақтығалиев және бірқатар құқық қорғау органдарының қатысуымен 8-11 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді. 5 желтоқсан күні «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акция аясында тәрбие сағаттар өткізілді. 6 желтоқсан күні 7 сынып оқушылары арасында «Менің құқықтарым» тақырыбында викториналық сайыс өткізілді. 7 желтоқсан күні жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша аудан әкімінің орынбасары Қ.Нұралыұлы және бірқатар қызмет барысындағы азаматтардың қатысуымен 9-11 сынып оқушылармен жиналыс өткізілді. 12 қаңтар күні жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жоспарына сәйкес 9 «а», «ә» сынып оқушылары арасында «Кәмелетке толмағандар неліктен жиі құқық бұзады?» тақырыбында пікірталас өткізілді. 16-26 қаңтар аралығында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түнгі мезгіл уақытында рейд жүргізілді. 1-11 сыныптар бойынша бірыңғай «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» тәрбие сағаттары өткізілді. 19 ақпан күні полиция бөлімінің мамандары 1-4 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол» атты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 26 ақпан күні 5-11 сыныптар аралығында «Вандализм – ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 29 сәуір күні 5-9 сынып оқушылары арасында «Тоқта вандализм!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 13 мамыр күні Темір ауданы полиция бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық «Жол қозғалысының жас инспекторларына – 50 жыл» атты шараға 5-7 сынып оқушылары қатысты. 16 мамыр күні Темір ауданының прокурорының орынбасары Қоңырбаев Арман Сағымбаевич, төтенше жағдайлар бөлімінің маманы Нуртазин Жұмабек Нұралыұлы, Темір аудандық полиция бөлімінің маманы майор Қарасаева Ғалия Гизатқызы және Темір білім бөлімінің маманы Қалиева Дидар Меңдікерейқызы қатысуымен жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін, суға шомылу маусымы кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Оқушыларды рухани адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу, айналасына құрметпен қарауға, жат ағымдардың теріс пиғылдарын түсіндіру арқылы Отанға деген патриоттық сезімін ояту, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу мақсатында «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» бойынша іс-шаралар жоспары құрылды. Діни отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылары бар сыныптарда «Толеранттылық деген не?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Жоғары сыныптарда жат діни ағымдардан сақтандыру мақсатында «Абайла экстремизм!» жаднамалыр таныстырылды. 7 қаңтар күні 9-10 сынып оқушылары «Діни экстремизм әлемге төнген қауіп» тақырыбында қабырға газеттерін шығарды. 25 қаңтар күні 10 «а», «ә» оқушыларымен «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында кездесу өткізілді. 5-16 аралығында 5-11 кластар аралығында «Дін.Саясат.Атеизм» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 18 наурыз күні «Ғаламтор» қауіпсіздігі жобасы аясында 11 «а», «ә» сыныптарында теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Тақырып аясында оқушылармен қызу пікірталас болды. 26 сәуір күні 10-11 сынып оқушыларына «Біз терроризмге қарсымыз» тақырыбында шығарма жазылды. Сәуір айының жоспарына сәйкес «Абайла экстремизм» тақырыбында бейнеролик түсірілді.

Ұлдар мен қыздардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбие беру, әдептілікке, инабаттылыққа баулу; жыныстық және әлеуметтік рөлдерге сай жауапкершілік, намыс, қайсарлық, инабаттылық қасиеттерін дамыту мақсатында «Сырғалым» қыздар клубы мен «Жігер» ер балдар клубы жұмыс жасайды. Жтекшілері Бисенғали Г.Б., Тәжібай Р.М. тағайынлады. Клубқа 8-11 сынып қыз балалары мен ер балалары тартылды.

10 қазан күні 7-11 сынып қыз балалар арасында «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа аудандық аурухана мамандары қатыстырылып, дәріс оқыды. Жиналысқа барлығы 85 қыз бала қатысты. 23 қаңтар күні 7-11 сынып қыз балалары арасында

«Ұлағатты ұлың болсын, инбатты қызың болсын» тақырыбында жиналыс өткізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 9 сынып оқушыларына мектеп психологы дәріс сабақ өткізді.

«Жігер» ер балдар клубының жұмысы оқушыларға патриоттық тәрбие беру және оларды әскери қызметке даярлау мақсатында бірге атқарылды. 4 қыркүйек күні білім күніне арналған «Қайрат Үмбетов – Халық Қаһарманы» тақырыбында ерлік сабағы өтті. Ерлік сабағына Темір ауданының ҚІЖБ бастығы подполковник Б.М. Калдыгожин оқушыларды отаншылдыққа, патриотизмге және әскерге баруға шақырды. Инспектор Р.Балдаирова оқушыларға жоғары әскери оқуларды таныстырып өтті. 24 қазан күні Республика күніне орай 9-11 оқушылары арасында «Біз жауынгер» атты әскери-спорттық сайыс өткізілді. 19 қаңтар күні «Ақсауыт» клубы мүшелері арасында әскери жаттығудан сайыс өткізілді. 29 қаңтар күні Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғандығына 35 жыл толуына орай жоғары сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. 5-6 сыныптарда «Ауған соғысының ақиқаты» тақырыбында эссе жазылды. С.Нұрмағамбетовтың 100 жылдығы және Б.Момышұлының 113 жылдығына орай 7-9 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. 30 қаңтар күні 3-4 сынып оқушылары арасында «Ойлы болсаң, озып көр» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді. 15 ақпан күні АӘД пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен ерлік сабағы өткізілді. 3 мамыр күні «Ұранды елдің – ұрпағы қайсар» атты мерекелік концерт өткізілді. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай 11 «А», 11 «Ә», 10 «Ә», 8 «А», 10 «А», 4 «Ә» «Ел үмітін ер ақтар, Ел атағын ел сақтар» тақырыбында ерлік сабақтары өткізілді. Мектепте «Жеңіс хаты» жәшігі ұйымдастырылды.

### **2024-2025 оқу жылы**

2024-2025 оқу жылынан бастап Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген Бағдарламаны жүзеге асыруда күнделікті «Өнегелі 15 минут», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі» және апта сайынғы «Менің Қазақстаным» гимн орындау, «Апта дәйексөздері», «Қауіпсіздік сабақтары» ай сайынғы іс-шаралар өзгеріссіз қала береді. Ай сайынғы алдын алу шаралары «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Ойынға салауатты көзқарас», «Өмірге салауатты қадам», «Қоғамдық мүлікті қорға!», «Қауіпсіз қоғам» әрі қарай да жүргізілетін болады. «Қамқор», «Шабыт», «Балаалр кітапханасы», «Ұшқыр ой алаңы», «Еңбегі адал жасөрен» және «SMART BALA» жобалары әрі қарай жалғасын табатын болады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бұйрығы негізінде 6 жоба жетекшілері тағайындалды. «Шабыт» жобасының жоспарына сәйкес 4 қазан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес, «Ұстаздар күні» мерекесіне орай өскелең ұрпақтың ұстаздарға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында Республикалық «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге 11 сынып түлектері, 1 сынып оқушылары және мектебіміздің «Сырлы әуен» хоры қатысты. Орындалған уақыты 12:00. Қатысқан оқушы саны 41. 12 қараша күні «Шабыт» жобасының аясында мектеп театры орыс халқының «Бауырсақ» ертегісін қойды. Кейіпкерлерді сомдаған 1 сынып оқушылары. Барлығы 8 оқушы қатысты. 7 наурыз күні «Шабыт» жобасының жоспарына сәйкес «Сырлы әуен» хорының қатысушылары 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Ана – дана, Ана – дара» челленджін өткізді. 19 наурыз күні «Шабыт» жобасының жоспарына сәйкес 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Ерулік» салт-дәстүрі театрландырылды. 20 наурыз «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджіне мектептің «Жас домбырашылар» ансамблінің орындауын Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын», Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйі орындалды. «Қамқор» жобасының жоспарына сәйкес «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы аясында 11 «а» сынып оқушылары мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жасады. 25 қыркүйек күні «Қамқор» еріктілер клубының мүшелері «Ерікті іс – қайырымдылықтың бір қанаты» акциясы аясында Жамбыл көшесінің тұрғыны, 67 жастағы жалғыз басты қарт кісі Асылбек Ермахановтың үйіне барып, қол көмек көрсетті. 16 қазан күні «Қамқор» жобасының жоспарына сәйкес «Қоғамға қызмет ету – волонтерлік қызмет» тақырыбында мектеп оқушыларына сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушыларды волонтерлік қызметтің мәні мен қоғамға пайсымен түсіндіру, оқушыларды қоғамдық

белсенділікке қызығушылықтарын арттыру. 15 наурыз Қайырымдылық күніне орай, мектебіміздің волонтерлық клубының мүшелері жалғыз басты кісі Умарова Патимаханның үйіне барып қарын ашып, тазалап берді. 8 сәуір күні Жастар ресустық орталығымен бірге мектебіміздің волонтерлары «Игі істер марафоны» жобасы аясында қайырымдылық шарасына ат салысты. 21 қараша күні «Smart bala» жобасының жоспарына сәйкес «Start up» тақырыбында 7-11 сынып оқушылары арасында сайыс өткізілді. 29 қаңтар күні «Smart bala» жобасының жоспарына сәйкес «Өнертапқышқа алғашқы қадам» тақырыбында байқау өткізілді. 18 ақпан күні «Smart bala» жобасы жоспарына сәйкес «Startup» тақырыбында 7-11 сыныптар арасында байқау өткізілді. «Ұшқыр ой» жобасының жоспарына сәйкес 19 желтоқсан күні «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында мектепшілік дебат ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушыларды ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, шыдамдылыққа және өз ойын мәдени түрде жеткізе білуге үйрету. 17 наурыз күні «Біздің жастар ұлттық құндылықтарды дәріптей ме?» атты пікірталас өткізілді. 28 сәуір күні 6 сынып оқушыларының арасында «Қазақстан – бірлік пен татулықтың ордасы» атты пікір сайыс өткізілді. 1 маусым балаларды қорғау күніне өткізу тұжырымдамасына сәйкес, 27 мамыр күні "Балалар үні" тақырыптық күні аталып өтті. Дебат ойынында "Бұл палата балалардың әлеуметтік желілерге тіркеуі үшін ата-ананың келісімін талап етуі тиіс деп есептейді" резолюциясы таңдап алынды. Мұғалімдер тобы "Үкімет", оқушылар тобы "Оппозиция" болып жоғары деңгейде ойнап шықты. Мектеп кітапханашысы «Балалар – кітап әлемінде» атты көрме ұйымдастырды. 17 қаңтар күні «Оқуға құштар» мектебі жобасының жоспарына сәйкес 8-9 сынып оқушылары арасында «Өлең-сөздің патшасы» атты мектепшілік шара өткізілді.

ҚР Оқу-ағарту министрілігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 06.08.2024 жылғы №380 бұйрығы, Темір ауданы білім бөлімінің 23.08.2024 жылғы №366 бұйрығына сәйкес «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасы 2024-2025 оқу жылында өз жұмысын жалғастырды. Бағдарламаны іске асыруда педагог-психологтар әлеуметтік педагог және 1-11 сынып жетекшілері жұмылдырылды. Оқу жылының басында 8 айға берілген тақырып бойынша кесте құрылып, ата-аналар тізімі жасақталды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жанынан құрылған «Даналық» мектебі де жұмысын жалғастырды. Жетекшісі болып Кулмагамбетова Ж.Ж. қайта тағайындалды. «Даналық» мектебі жанынан «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» клубтары құрылды. Берілген жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді.

**Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы** негізінде 2024 жылдың 10 тамызынан бастап дәстүрге айналған республикалық «Мектепке жол» акциясын жүзеге асыру қолға алынды. 7-10 қазан аралығында әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері өгей отбасындағы, сенім хатпен тұрып жатқан оқушылардың үйлеріне барып тұрмыс жағдайларын зерттеді. 10 қазан күні мүгедектер күніне орай Ерекше назардағы оқушыларға «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы өткізілді. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға назар аударылды. 21 мамыр күні қамқоршылық кеңес және ата-аналар комитеті мүшелерінің қатысуымен міндетті мектеп формасының үлгісін таңдау жөнінде кеңес өткізілді. 2024-2025 оқу жылында мектепте барлығы 564 оқушы, 27 сынып комплекті, 3 мектепалды даярлық тобы бар. Мектепалды даярлық тобын қосқанда барлығы 620 оқушы бар. 1-4 сыныптарда 227 оқушы. 5-9 сыныптарда 267 оқушы, 10-11 сыныптарда 72.

**ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы, ҚР Әділет министрілігінде 2016 жылғы 15 ақпандағы №13067 болып тіркелген, «Білім туралы» ҚР Заңының 5-бабы 34 –тармақшасына сәйкес сынып жетекшілердің құқықтары мен міндеттері таныстырыла отырып, «Сынып жетекшілер» бірлестігі құрылды.** 2.09.24 жылғы №64 бұйрыққа сәйкес сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі болып Қоштанбекова Р.У. тағайындалды. Оқу жылының басында жұмыс жоспары құрылып, ай сайын отырысы өткізілді.

**Сынып жетекшілер бірлестігінің өзекті мәселесі:** «Тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда класс жетекшілердің ұйымдастырушылық-педагогикалық әдістемелік шеберліктері мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру»

**Мақсаты:** класс жетекшілерге заманауи озық технологияларды, әдіс-тәсілдерді меңгерту үшін әдістемелік көмек көрсете отыра, өз кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге, тәжірибелерін жинақтап таратуға жағдай жасау.

**Сынып жетекшілердің алға қойған міндеттері:**

озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау;

үздік сынып жетекшілерін анықтау;

ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау;

БАҚ көздеріне, интернет желісіне жариялау;

Класс ұжымымен, жекелеген оқушылармен, ата-аналармен жүргізілген тәрбие жұмысын үйлестіру.

**Сынып жетекшілердің кадрлық құрамына сараптама**

Облыстық білім басқармасының 2021 жылғы 24 ақпан №2-988 хатын негізге ала отырып, «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі болып тәлімгер Абатова Д.А. тағайындалды. Оқу жылының басында жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылды. «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп президенті және 8 фракциядан құралады. 29 қараша күні «Өзін-өзі басқару» ұйымының оқушылары арасында «Үздік көшбасшы - 2024» сайысы ұйымдастырылды. 20 ақпан күні аудандық «Үздік мектеп парламенті» байқауынан мектеп парламенті мүшелері жүлделі 2 орын алды. 26 ақпан күні мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Мен және волонтерлік» тақырыбында мектепшілік дебат өткізілді. Жоспар бойынша жұмыстар өз уақытында өткізіліп отырды.

**Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша педагогтермен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен атқарылған шаралар:**

«Қауіпсіз бала» акция аясында Темір ауданы ПБ УПИ полиция капитаны А.Ешпағамбетов 8-11 сынып оқушыларына рейд жұмыстарын жүргізді. 3 қыркүйек күні 7-11 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жедел жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында бопсалау, әлімжеттік жасамау, оның зардаптары туралы айтылды. 12 қыркүйек күні 8-11 сыныптың ер балдарына жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, әлімжеттікке жол бермеу, буллингке байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесуге жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторы Қарасаева Ғалия Гизатқызы келді. 19 қыркүйек күні буллингтің алдын алу мақсатында республикалық бірыңғай «Біздің мектеп буллинг мектепке қарсы!» челленджі өткізілді. Мақсаты: іс-шара балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға және жәрдемдесуге, сондай-ақ оларды достыққа, өзара түсіністік пен көмекке ынталандыруға бағытталған. Темір АПБ ЖПҚБ КТІЖ аға инспекторы полиция капатини Дулатбаев Нұрбек Төреғалиұлы келіп оқушыларға түнгі уақытта беймезгіл жүрмеу, көлік құралдарын басқармау және түрлі әлеуметтік желілерде мәдениеттілік пен тәртіп сақтау туралы түсіндіріп өтті. 30 қараша, 1 желтоқсан күндері Белсенді ата-аналар мүшелерінің қатысуымен 23:00 – 00:00 аралығында рейд жүргізілді. Рейд барысында беймезгіл жүрген оқушылар анықталған жоқ. 11,12 желтоқсан күндері «Заң және тәртіп» айлығы аясында 10 «а», 10 «ә» сынып жетекшілері және белсенді ата-аналары рейдке шықты. 13 желтоқсан күні жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық, суицид, буллингтің алдын алу мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа Темір ауданы прокуратурасының аға прокуроры Мусин Шыңғыс Абайұлы, прокурор Өмірбаев Саламат Русланұлы және білім бөлімінің сектор меңгерушісі Шабикова С.Р. қатысты. 22 қаңтар күні 8-10 сыныптың ер балдарына «Құмар ойындарға тәуелділік. Лудомания» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналысқа барлығы 50 оқушы қатысты. 23 қаңтар күні 8-10 сынып оқушыларына «Закладчики. Расплата» атты деректі фильмі көрсетілді. 11 ақпан күні 8-11 сынып оқушыларымен Темір ауданының прокуратурасы, аудандық полиция бөлімі және Шұбарқұдық ауылдық округі әкімдігі өкілдері қатысуымен кездесу өткізілді. Темір аудандық прокуратурасы оқушыларға құқықтық жауапкершілік, заң бұзушылықтың салдары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 24 ақпан күні Темір ауданы ПБ ЖПҚ бастығы полиция майоры Д.Д.

Султанғалиев пен Темір АПБ ЖПҚБ КТІЖ аға инспекторы капитаны Н.Т. Дулатбаев 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу мақсаты жасөспірімдер арасында нашакорлықтың алдын алу, қылмыстық жауапкершілігі туралы түсіндіру. Жиналыс барысында нашакорлыққа байланысты бірнеше бейнероликтер көрсетіліп, оқушылармен пікір алмасылды. 26 ақпан күні 7 сынып оқушыларына «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. 15 сәуір күні аудан басындағы мұғалімдерге Ақтөбе облысы ПБ КҚІБ (Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы) жедел уәкілі полиция капитаны Шагиrow Ж.А. алаяқтықпен байланысты, моның ішінде интернет желісі мен ұялы байланыс құралдарын пайдаланумен болатын алаяқтық қылмыстарының алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 17 сәуір күні жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында Дін істер орталығы мамандарының қатысуымен 9-11 сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандарға дінді түсіндіру әдістері» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге барлығы 40 оқушы қатыстырылды. 18 мамыр күні «Резонанстық қылмыстық істер негізіндегі құқықтық сабақ» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.

Оқушыларды рухани адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу, айналасына құрметпен карауға, жат ағымдардың теріс пиғылдарын түсіндіру арқылы Отанға деген патриоттық сезімін ояту, елін, жерін сүюге тәрбиелеу мақсатында «**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу**» бойынша іс-шаралар жоспары құрылды. 12 қыркүйек күні 9-11 сынып оқушыларына «Ғаламтордағы жат ағымдардан сақтану» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теолог маманы Саматов Сапар Саматұлы келді. Оқушыларға жат ағымдардан сақтану, ақпарат алуға тыйым салынған сайттардан отыруға болмайтындығы түсіндірілді. 7-18 қазан аралығында мектеп формасын сақтамай отырған оқушылары бар 5-9 сыныптарда «Діни экстремизмнің алдын алу» бағытының жұмыс жоспарына сәйкес «Толеранттылық деген не?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 10 қазан күні Темір аудандық жастар ресурстық орталығы, Аудандық жастар арасындағы дін істер орталығы мен Аудандық Полиция бөлімімен бірлесе отырып ұйымдастырылған 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өтті. Кездесу барысында Темір ауданы Полиция бөлімінің жасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы аға лейтенант Түйеншин Марғұланның қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын алу және мопед айдаудағы ережелері туралы ақпараттандырды. Аудандық жастар арасындағы дін істері орталығының дін маманы Аязбек Жұмабайұлы жат идеологияның таралуының алдын алу және оған жол бермеу жөнінде сөз қозғады. Сонымен қатар жастар ресурстық орталығының маманы Сәкенов Данияр орталықтың жүргізетін жұмыстары мен жобалары бойынша, еріктілердің атқаратын қызметін таныстырып өтті. 28 қаңтар күні 9-11 сынып оқушыларына жат ағымның алдын-алу мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дін істер орталығының теолог маманы және психологтары оқушылармен кездесу барысында әңгіме сұхбат құрып, тренинг өткізді. Кездесуге барлығы 105 оқушы, 4 педагог қатысты. 26 ақпан күні 9 сынып оқушыларына «Дін.Саясат. Атеизм» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді. 17 наурыз 9 «ә» сынып оқушылары «Ислам өмір айнасы» тақырыбында сабақ өткізілді. 7-11 сәуір аралығында 8-10 сынып оқушылары «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында эссе жазды.

**Оқу жылында мүдделі органдармен төмендегідей көрсеткіште кездесулер өткізілді:**

**Полиция бөлімі мамандарының** қатысуымен оқушыларға 6 рет, ата-аналармен 2 рет кездесу өткізілді. Полиция бөлімі мамандарының қатысуымен 3 рет мектепте рейд жұмыстары жүргізілді.

**«Аңсар» дін істер орталығының мамандары** келіп 3 рет кездесу өткізді.

**Жастар ресурстық орталығының мамандарымен** 2 рет кездесу өткізілді.

**ЗОЖ орталығының мамандарымен** 6 рет кездесу өткізілді.

**Аудан әкімі және басқа құзырлы органдардың қатысуымен** оқушыларға 2 рет, ата-аналарға 1 рет жиналыс өткізілді.

### **2025-2026 оқу**

2025-2026 оқу жылынан бастап Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді. «Адал азамат» біртұтас бағдарламасын іске асыру жөнінде бекітілген кешенді жоспармен жұмыстар төмендегі құндылықтар жүйесінде жүргізілді.

- 1)Тәуелсіздік және Отаншылдық
- 2)Бірлік және ынтымақ
- 3)Әділдік және жауапкершілік
- 4)Заң және тәртіп
- 5)Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- 6)Жасампаздық және жаңашылдық

Күнделікті «Өнегелі 15 минут», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі» және апта сайынғы «Менің Қазақстаным» гимн орындау, «Апта дәйексөздері», «Қауіпсіздік сабақтары» ай сайынғы іс-шаралар өзгеріссіз қала береді. Ай сайынғы алдын алу шаралары «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Ойынға салауатты көзқарас», «Өмірге салауатты қадам», «Қоғамдық мүлікті қорға!», «Қауіпсіз қоғам» әрі қарай да жүргізілетін болады. «Қамқор», «Шабыт», «Балаалр кітапханасы», «Ұшқыр ой алаңы», «Еңбегі адал жасөрен» және «SMART BALA» жобалары әрі қарай жалғасын табатын болады. 2025-2026 оқу жылында «ДосболLike» білімалушыларды жәбірлеудің алдын алу бағдарламасы біртұтас тәрбие бағдарламасына кіріктіріледі. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру» жұмысының мазмұны жаңартылған. 3 модульден тұратын жұмыстан тұрады.

**Оқу жылы барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда атқарылған іс-шаралар:**2025 жылдың 1 тамызынан бастап дәстүрге айналған республикалық «Мектепке жол» акциясын жүзеге асыру қолға алынды. 25 тамыз күні педагогикалық кеңес өткізіліп, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына енгізілген өзгерістер туралы ұжымға түсінік берілді. 30 тамыз күні 2025-2026 оқу жылы қарсаңында балалар арасындағы жол көлік оқиғасының алдын алу үшін «Полиция және балалар. Қауіпсіздіктің негізгі ережелері. Бояу кітабы» атты оқу құралын барлық бастауыш сынып оқушыларына таратылды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Қабылдаудан – прогреске: ҚР Конституциясының тарихы» атты мектеп кітапханашысы көрме ұйымдастырды. Көрмеге педагогтер қатысып, ой алмасты. 1 қыркүйек «Мектебім– мейірім мекені!» атты салтанатты жиын өткізілді. 1 қыркүйек – Білім күніне орай 1-4 сыныптар «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері», 5-8 сыныптар «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты», 10-11 сыныптар «Арманым мен мақсатым» тақырыбында челленджерін жолдады. 2 қыркүйек бірыңғай «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты, «Біртұтас ел, біртұтас жер – отан қорғаушыларды тәрбиелеу идеологиясы» ерлік сабағы, қауіпсіздік сабағы және бастауыш сынып білім алушылары «Полиция және балалар. Қауіпсіздіктің негізгі ережелері. Бояу кітабы» атты оқу құралдарымен жұмыстанды. 3 қыркүйек күні 9 «а» сынып оқушылары аудандық музейде ұйымдастырылған «Қалдырған ізін мәңгілік» атты фото көрмеге барды. Көрменің мақсаты Білім күніне орай ұлағатты ұстаздардың еңбегін ұлықтау. 5 қыркүйек күні қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» атты мерекелік жиын өткізілді. 9 қыркүйек күні «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» атты библио-кросс акциясы өткізілді. **Шараға 5-6 сынып оқушыларынан 7 оқушы қатысты.** 5 қыркүйек күні аудандық кітапханаға 4 сынып оқушылары барып келді. Тілдер күніне орай ұйымдастырылған «Ана тілі – рухани қазына» атты шараға қатысып келді. **Барлығы 23 оқушы қатысты.** 8-12 қыркүйек аралығында Отбасы күніне орай 7 сынып оқушылары «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. 12 қыркүйек күні Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абай ұлы даланың ұлы ойшылы» тақырыбында 7 сынып оқушыларына көрме ұйымдастырылды. 12 қыркүйек күні «Отбасы күніне» орай 11 «ә», 10 «а», 10 «ә», 5 «б», 4 «а», 4 «ә», 4 «б» сыныптарында «Отбасы – тәрбиенің алтын қазығы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 5-7 сыныптар арасында «Денсаулық – басты байлық» сурет конкурсы өткізілді. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты челлендж ұйымдастырылды. 1-3 сынып оқушылары арасында «Біздің болашағымыз» атты сурет байқауы

ұйымдастырылды. **15 қыркүйек күні «Отбасы күніне» орай мектебіздің Танауовтар мен Бектеновтер отбасы аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен өткізген Quiz интеллектуалды сайысына қатысты. Нәтижесінде Танауовтар отбасы 3-ші орын алды.**

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» өз жұмысын жалғастырады. Бағдарламаны жүзеге асыруда педагог-психолтор мен әлеуметтік педагог, 1-11 сынып жетекшілері жұмысдырылды.

2023-2024 оқу жылындағы Оқуға құштар мектеп жобасы аясында атқарылған жұмыстар туралы анықтама

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Кітап – білім бұлағы»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға 6-сынып оқушылары қатысып, кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы ой бөлісіп, өздері оқыған шығармаларынан әсерлі үзінділер оқыды. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталған бұл шара тартымды әрі танымды өтті. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Менің сүйікті кітабым»** атты челлендж ұйымдастырылды. Челленджге 8-сынып оқушылары қатысып, өздерінің сүйікті кітаптары жайлы әңгімелеп, мазмұнын қысқаша таныстырды. Сонымен қатар, кітаптан алған әсерлерімен бөлісіп, құрбы-құрдастарын кітап оқуға шақырды. Шараның негізгі мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу дағдысын қалыптастыру және оқырмандық мәдениетті дамыту болды. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 1-сынып оқушыларына арналған **«Кітапханаға саяхат»** атты танымдық іс-шара өткізілді. Шара барысында балалар кітапханамен танысып, кітаптарды дұрыс пайдалану ережелері мен сақтау тәртіптері туралы мәлімет алды. Сонымен қатар, түрлі қызықты ертегілер мен балалар әдебиеттері таныстырылып, оқушыларға кітап оқудың пайдасы түсіндірілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды кітапханаға тарту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру және кітап оқуға баулу. 22-қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Тілім менің – тірегім»** тақырыбында **Ахмет Байтұрсынұлының** шығармаларына шолу өткізілді. Іс-шараға 10-сынып оқушылары қатысып, ұлт ұстазының өмірі мен еңбектері туралы деректермен бөлісті. Сондай-ақ, ақынның шығармашылығынан үзінділер оқылып, тілдің қоғамдағы маңызы жайлы пікірлер ортаға салынды. Шараның мақсаты – оқушылардың тілге деген құрметін арттыру, Ахмет Байтұрсынұлының әдеби және ғылыми мұрасын насихаттау. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы **Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл** толуына орай библиографиялық шолу-көрме ұйымдастырылды. Шара барысында қаламгердің өмір жолы мен шығармашылық мұрасы таныстырылып, оқушыларға жазушының көркем туындылары мен еңбектерінен мағлұмат берілді. Көрменің мақсаты – оқушыларға қазақ әдебиетінің классик жазушыларының еңбектерін насихаттап, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. **«Рәміздерім – мақтанышым»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Әнұраны туралы жазылған кітаптар мен мақалалар қойылып, оқушыларға рәміздердің шығу тарихы мен мағынасы таныстырылды. Шараның мақсаты – оқушылардың отансүйгіштік рухын көтеру, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасының **ұлттық валютасы – теңгенің алғашқы қолданысқа енгеніне 30 жыл** толуына орай танымдық іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушыларға теңгенің тарихы, ұлттық валютамыздың шығу ерекшеліктері мен маңызы туралы мағлұмат берілді. Сондай-ақ, ұлттық ақша белгілерінің ел тәуелсіздігін айқындайтын басты рәміздердің бірі екендігі түсіндірілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың қаржы мәдениеті туралы білімін кеңейту, ұлттық валютамызға деген құрмет сезімін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде оқу жылының басына орай оқулықтарды тексеру рейді жүргізілді. Рейд барысында оқушылардың қолындағы кітаптардың сақталуы, ұқыпты қолданылуы мен мұқабалануы қадағаланды. Тексеру нәтижесінде оқулықтарды күтіп ұстау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жауапкершілікпен қарау қажеттілігі ескертілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды кітапқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, оқулықтың қадірін түсіндіру және оқу мәдениетін қалыптастыру. **«Тәуелсіздік жетістіктері»** атты

кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік жетістіктерін қамтитын әдебиеттер қойылды. Оқушылар еліміздің даму жолы мен жеткен жетістіктері жайында мәлімет алып, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең түсінді. Шараның мақсаты – жас ұрпақтың ел тарихына деген қызығушылығын арттыру, отансүйгіштік сезімін нығайту және тәуелсіздіктің маңызын дәріптеу. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Желтоқсан жаңғырығы»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының шындығын баяндаған еңбектер мен тарихи деректер қойылып, оқушылар сол бір тарихи кезеңнің маңызы жайында мол мағлұмат алды. Шара барысында Тәуелсіздік жолында құрбан болған жастардың ерлігі мен отансүйгіштік рухы дәріптелді. Көрменің мақсаты – оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттыру, Желтоқсан қаһармандарының ерлігін үлгі ету және Тәуелсіздіктің қадірін ұғындыру. **«Қалың қалай, оқулық?»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушыларға оқулықты таза ұстау, ұқыпты пайдалану, мұқабалау және сақтау ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар, кітаптың – білім көзі әрі ортақ қазына екендігі айтылып, оқушыларды жауапкершілікке шақыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітапқа деген құрметін арттыру, оқулықты күтіп ұстауға баулу және оқу мәдениетін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Мақтан тұтар ұлы тұлға – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев»** тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар қайраткердің өмір жолы мен халқына сіңірген еңбегі туралы мағлұмат алып, шығармаларымен танысты. Оқушылар Д.Қонаевтың ел тарихындағы орны мен ұлы тұлға ретіндегі бейнесін тереңірек ұғынды. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпаққа Дінмұхаммед Қонаевтың өнегелі өмірін үлгі ету, тұлғаның ел дамуына қосқан еңбегін насихаттау және отансүйгіштікке тәрбиелеу. **«Жырлайды жүрек»** атты іс-шара өткізілді. Шара барысында қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері мәнерлеп оқылып, оқушылар ақын шығармаларының терең мағынасына үңілді. Өлеңдерді жатқа оқу арқылы жас ұрпақ поэзияның құдіретін сезініп, ақынның мәңгілік мұрасынан рухани нәр алды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың көркем сөзге деген сүйіспеншілігін арттыру, Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын насихаттау және оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Отты жылдар жаңғырығы»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Шара Ауған соғысы ардагерлеріне арналды. Оқушылар ардагерлердің ерліктері туралы деректермен танысып, отты жылдардың тарихынан сыр шертетін естеліктер тыңдады. Ардагерлердің қайсарлығы мен батылдығы жас ұрпаққа үлгі ретінде насихатталды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отан қорғаушылардың ерлігін дәріптеу және бейбіт өмірдің қадірін түсіндіру. 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай **«Алғыс білдіру – ең асыл сөз»** атты іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушылар өз алғыстарын жүрек жарды сөздермен жеткізіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрінің маңызы туралы ой бөлісті. Сондай-ақ, ризашылық пен мейірімділікке тәрбиелейтін өлеңдер мен шағын қойылымдар ұсынылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың бойына ізгілік пен сыйластықты дарыту, бір-біріне алғыс айта білуге үйрету және қоғамда мейірім мен ынтымақты арттыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай **«Сиынар ем, ана деген тәңірге»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге ана туралы жазылған көркем шығармалар, өлең-жырлар мен танымдық әдебиеттер қойылды. Шараға 5-сынып оқушылары қатысып, анаға деген ыстық ықыластарын өлең жолдарымен жеткізді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды ананы ардақтауға, әйелдер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу және анаға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. **«Қалың қалай, оқулық?»** атты жыл соңындағы оқулықтарды тексеру рейді жүргізілді. Рейд барысында оқушылардың қолындағы оқулықтардың жағдайы, тазалығы мен ұқыпты сақталуы қадағаланды. Оқушыларға кітапты күтіп ұстаудың маңызы түсіндіріліп, жауапкершілікпен қарау қажеттілігі ескертілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды оқулыққа ұқыптылықпен қарауға баулу, ортақ мүлікті қадірлеу және кітапқа деген құрмет сезімін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы** күніне орай ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараға 7-сынып оқушылары белсене қатысып, сүйікті кітаптары жайлы әңгімеледі, ал ата-аналар бала тәрбиесіндегі кітаптың рөлі туралы ойларымен бөлісті. Шара барысында оқушылар мен ата-аналарға кітап оқудың маңызы түсіндіріліп, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жайлы пікір алмасылды. Іс-шараның мақсаты – балаларды кітап оқуға баулу, ата-ана мен баланың арасындағы оқырмандық байланысты нығайту

және отбасылық оқу дәстүрін дамыту. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай **«Қазақстан – достық мекені»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде еліміздегі түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің татулығы мен бірлігін дәріптейтін әдебиеттер, тарихи деректер мен мақалалар қойылды. Оқушылар көрме арқылы Қазақстандағы достық пен ынтымақтың маңызын түсініп, бірлік – елдің басты байлығы екеніне көз жеткізді. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпаққа ұлтаралық татулық пен достықтың құндылығын ұғындыру, отансүйгіштік сезімін арттыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде Ұлы Отан соғысы **«Бейбіт күн жасасын әлемде»** атты іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушыларға Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары мен Жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат берілді. Аталарымыз бен апаларымыздың ерен ерліктері дәріптеліп, қазіргі таңда арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігі үлгі ретінде насихатталды. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу, бейбітшіліктің қадірін ұғындыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Кітап – білімнің қайнар көзі»** тақырыбында оқулықтармен жұмыс жасауға арналған іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушыларға оқулықтарды тиімді пайдалану жолдары, ұқыпты ұстау ережелері түсіндіріліп, білім алудағы кітаптың маңызы туралы әңгіме қозғалды. Сонымен қатар, оқушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, оқулықпен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды кітапты құрметтеуге, оқулықты таза әрі ұқыпты ұстауға тәрбиелеу және білімге деген қызығушылығын арттыру.

### **2024-2025 оқу жылындағы Оқуға құштар мектеп жобасы аясында атқарылған жұмыстар туралы анықтама**

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Мақал – сөздің мәйегі»** атты сайыс өткізілді. Сайысқа 9-сынып оқушылары қатысып, кітап пен білімге байланысты халық мақал-мәтелдерін жатқа айтып, олардың мағынасын ашып түсіндірді. Оқушылар тапқырлықтарын, ой ұшқырлығын көрсетіп, сөз өнеріне деген қызығушылықтарын танытты. Іс-шараның мақсаты – халық даналығын насихаттау, оқушылардың сөз байлығын арттыру, кітапқа деген құрмет пен қызығушылықты дамыту. **«Абай дана, Абай дара қазақта»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар, өлеңдер жинағы мен зерттеу еңбектері қойылды. Оқушылар Абайдың өлеңдері мен қара сөздерімен танысып, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны туралы мағлұмат алды. Іс-шараның мақсаты – ұлы ақынның рухани мұрасын насихаттау, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және Абайдың өнегелі сөздерінен тағылым алуына ықпал ету. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Менің сүйікті кітабым»** атты іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушылар өздерінің сүйікті кітаптарын таныстырып, мазмұны мен әсерлі тұстарын әңгімелейді. Сонымен қатар, әр кітаптан алған тәрбиелік мәні мен өмірлік сабақтары туралы ойларымен бөлісті. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорын байыту және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Ата заңды ардақта»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына, құқықтық мәдениет пен заң үстемдігіне арналған әдебиеттер мен танымдық еңбектер таныстырылды. Оқушылар еліміздің негізгі заңы – Конституцияның мәні мен маңызы туралы мағлұмат алып, құқықтық білімдерін толықтырды. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру, Ата заңды құрметтеуге тәрбиелеу және оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын дамыту. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Абай мұрасы – халық қазынасы»** атты іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушылар ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының қара сөздерін оқып, оның тәрбиелік мәні мен адамгершілікке үндейтін ғибратты ойларын талқылады. Ақын мұрасын насихаттау арқылы оқушыларға өнегелі сөзден тағылым алудың маңызы түсіндірілді. Іс-шараның мақсаты – Абай шығармашылығын дәріптеу, оқушыларды парасаттылыққа, адамгершілікке баулу және ұлы ақынның рухани қазынасынан нәр алуға үйрету. **«Бір сынып – бір кітап»** атты оқу марафоны ұйымдастырылды. Марафон барысында әр сынып оқушылары бір шығарманы таңдап алып, оны толық оқып, мазмұнын талқылады. Оқушылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, сүйікті кейіпкерлерін сипаттап, кітаптан алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды жүйелі түрде кітап оқуға баулу, әдеби шығармаларды талдау дағдыларын дамыту және оқырмандық мәдениетті қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың **«Балалық шаққа саяхат»** кітабы бойынша

танымдық іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушылар жазушының өмірі мен шығармашылығымен танысып, кітаптағы басты кейіпкерлер мен оқиғаларға талдау жасады. Оқушылар өз ой-пікірлерін білдіріп, туындыдан алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты кітап оқуға қызықтыру, жазушы шығармалары арқылы еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелеу және әдеби мұрамызды насихаттау. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Күш білімде, білім кітапта»** атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайысқа қатысқан оқушылар түрлі тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз білім деңгейлері мен ой ұшқырлықтарын көрсетті. Сонымен қатар, кітаптан алған білімнің өмірдегі маңызы жайлы пікірлер ортаға салынды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту және кітап оқуға ынталандыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Сырда туған сұңқар ақын»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Әбділда Тәжібаевтың туғанына 115 жыл толуына арналды. Шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер, өлеңдер жинағы мен зерттеу еңбектері таныстырылды. Оқушылар ақын поэзиясымен жақынырақ танысып, оның әдебиеттегі орны мен маңызы туралы мәлімет алды. Көрменің мақсаты – Әбділда Тәжібаевтың шығармашылық мұрасын насихаттау, оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру және ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Халық сүйген қаламгер»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме қазақ балалар әдебиетінің классигі, жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналды. Шара барысында жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер ұсынылып, оқушыларға «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» секілді туындылары таныстырылды. Оқушылар жазушы шығармалары арқылы адалдық, мейірімділік пен еңбексүйгіштікке тәрбиеленудің маңызын ұғынды. Көрменің мақсаты – Бердібек Соқпақбаевтың әдеби мұрасын дәріптеу, оқушыларды кітап оқуға баулу және қазақ балалар әдебиетіне қызығушылығын арттыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 4-сынып оқушыларына арналған **«Әжемнің ертегілері»** атты танымдық іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушылар халқымыздың ауыз әдебиетінің асыл қазынасы – ертегілермен танысып, олардың тәрбиелік мәні жайлы ой бөлісті. Балалар сүйікті ертегілерін әңгімелеп, кейіпкерлерін сипаттап, қызықты қойылымдар көрсетті. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, халық ауыз әдебиеті арқылы ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу және кітап оқуға ынталандыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 6-сынып оқушыларына арналған **«Демалыста кітап оқимыз»** атты іс-шара өткізілді. Шара барысында оқушылар өздері демалыс кезінде оқыған кітаптарын таныстырып, мазмұны мен қызықты тұстарын әңгімеледі. Сондай-ақ сүйікті кейіпкерлері туралы ой бөлісіп, достарын кітап оқуға шақырды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануына ықпал ету, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Ұлы дала жыршысы»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме қазақтың халық ақыны, композитор Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл толуына арналды. Шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайлы деректер ұсынылып, өлеңдері мен әндері таныстырылды. Оқушылар Кенен Әзірбаевтың қазақ өнері мен мәдениетіне қосқан үлесі туралы мағлұмат алды. Көрменің мақсаты – халық ақынының мол мұрасын насихаттау, оқушыларды ұлттық өнерді қадірлеуге тәрбиелеу және кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Бір оқушы – бір кітап»** атты акция өткізілді. Шара барысында әрбір оқушы өзіне ұнаған бір кітапты таңдап оқып, оның мазмұнымен, негізгі ойымен және тәрбиелік мәнімен сыныптастарымен бөлісті. Оқушылар сүйікті кейіпкерлерін сипаттап, кітаптан алған әсерлерін ортаға салды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды кітап оқуға баулу, олардың ойлау қабілеттерін дамыту және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде **«Қазақтың тұңғыш романист қызы»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын жазушы Сара Мыңжасарованың өмірі мен шығармашылығына арналды. Шара барысында қаламгердің әдебиетке қосқан үлесі, алғашқы романдары және қазақ қыздарының ішінде роман жазған тұңғыш қаламгер ретінде атқарған еңбегі туралы мәліметтер ұсынылды. Оқушылар жазушы шығармаларымен танысып, оның қазақ әдебиетіндегі орнын бағамдады. Көрменің мақсаты – Сара Мыңжасарованың мұрасын насихаттау, жас ұрпаққа үлгі ету және оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру. Қызылжар жалпы

орта білім беретін мектебінде «Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ» атты іс-шара кітапхана аясында өткізілді. Шара барысында оқушыларға Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті, ел болашағының білімді жастардың қолында екендігі жайлы мағлұмат беріліп, кітапхана қорындағы тақырыпқа байланысты әдебиеттер таныстырылды. Оқушылар өлеңдер оқып, өз ойларымен бөлісті. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру және білімнің қоғамдағы ролін ұғындыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 7-сынып оқушыларының қатысуымен «**Кітаппен өткен каникул**» атты бейнеролик көрсетілімі ұйымдастырылды. Бейнероликте оқушылардың жазғы демалыс кезінде оқыған кітаптары, алған әсерлері мен қызықты сәттері бейнеленді. Балалар өз сүйікті шығармалары туралы ой бөлісіп, достарын кітап оқуға шақырды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың демалыс уақытын тиімді өткізуін насихаттау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру және оқырмандық мәдениетті дамыту. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 8-сынып оқушыларының қатысуымен «**Оқы және өзгеге ұсын**» атты акция өткізілді. Акция барысында оқушылар өздері оқыған қызықты кітаптарын таныстырып, мазмұны мен әсерлі тұстарын сыныптастарымен бөлісті. Сонымен қатар, әрбір оқушы өз оқыған кітабын өзгеге ұсынып, кітап алмасу дәстүрін жалғастырды. Шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, пікір алмасу арқылы ой-өрісін кеңейту және кітапты құрметтеуге тәрбиелеу. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «**Әйтекенің асыл сөздері**» атты танымдық іс-шара өткізілді. Шара барысында қазақтың белгілі биі, шешен әрі қоғам қайраткері Әйтеке бидің өмірі мен ел тарихындағы ролі, сондай-ақ оның айтқан өнегелі сөздері оқушыларға таныстырылды. Балалар шешендік сөздердің мәнін талқылап, тәлімдік маңызын түсінді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды ұлттық құндылықтарға баулу, шешендік өнерді дәріптеу және даналардың өнегелі сөздері арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 6-сынып оқушыларының қатысуымен «**Артық білім кітапта**» атты топтық сайыс өткізілді. Сайыс барысында оқушылар түрлі сұрақтарға жауап беріп, логикалық тапсырмаларды орындап, білімдерін сынға салды. Әр топ өз ұйымшылдығын көрсетіп, кітаптан алған білімдерін ортаға салды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, білімге құштарлығын ояту және топпен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «**Кітапхана – күн шуағы білімнің**» атты ертеңгілік өтті. Іс-шара барысында оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітапхананың білім ордасы ретіндегі ролі түсіндірілді. Балалар өлеңдер оқып, тақпақтар айтып, кітап туралы өз ойларымен бөлісті. Ертеңгіліктің мақсаты – кішкентай оқырмандарды кітап оқуға баулу, кітапханаға деген қызығушылығын арттыру және білімге деген құштарлығын ояту. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «**Кітап – ақылшы дос**» атты көңілді ертеңгілік өткізілді. Шараға бастауыш сынып оқушылары қатысып, кітап туралы өлеңдер оқып, тақпақтар айтты және қызықты ойындарға белсене қатысты. Балалар кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызы жайлы ой бөлісіп, достарын кітаппен дос болуға шақырды. Ертеңгіліктің мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру, кітапты қадірлей білуге тәрбиелеу және бос уақыттарын пайдалы өткізуге үйрету. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «**Менің сүйікті журналым**» атты кітапханалық сағат өткізілді. Шара барысында оқушылар өздерінің сүйіп оқитын түрлі балалар журналдары туралы әңгімелеп, олардың мазмұнымен және қызықты айдарларымен бөлісті. Сонымен қатар кітапхана қорындағы мерзімді басылымдар таныстырылып, оқушыларға еркін талқылау жасауға мүмкіндік берілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды мерзімді басылымдармен таныстыру, баспа өнімдерін дұрыс пайдалануға баулу және оқу мәдениетін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «**Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі**» атты баспасөзге шолу өткізілді. Шара барысында оқушыларға мерзімді баспасөздің қоғамдағы ролі мен маңызы туралы түсіндіріліп, түрлі газет-журналдар таныстырылды. Сонымен қатар, оқушылар баспасөз беттеріндегі мақалаларды талқылап, өз ойларымен бөлісті. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды ақпараттық мәдениетке баулу, газет-журнал оқуға қызығушылығын арттыру және баспасөздің халыққа қызмет етудегі орнын ұғындыру.

**2025-2026 оқу жылындағы Оқуға құштар мектеп жобасы аясында атқарылған жұмыстар туралы анықтама**

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай «**Ата Заң – елдігіміздің айғағы**» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде оқушыларға ҚР Конституциясының тарихы, маңызы мен мазмұны туралы мәлімет беріліп, заңға байланысты әдебиеттер мен анықтамалықтар таныстырылды. Балалар өз ойларын ортаға салып, Ата Заңды құрметтеудің әр азамат үшін маңызды екенін түсінді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу және отансүйгіштік сезімін қалыптастыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен «**Мен оқыған кітапты сен де оқы**» атты библио-кросс акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында оқушылар өздері оқыған кітаптарын таныстырып, мазмұнымен бөлісті және достарына оқуға ұсынды. Сонымен қатар, кітап алмасу дәстүрі жалғасын тауып, әр оқушы жаңа кітаппен танысуға мүмкіндік алды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру және кітап арқылы ой-өрісін кеңейту. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «**Абай – ұлы даланың ұлы ойшылы**» атты виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшыл Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналды. Шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер ұсынылып, өлеңдері мен қара сөздері оқушылар назарына ұсынылды. Сонымен қатар, көрме арқылы оқушылар ұлы ақынның даналық ойларының бүгінгі күнге дейінгі мән-маңызына тоқталды. Іс-шараның мақсаты – Абай мұрасын кеңінен насихаттау, оқушыларды рухани құндылықтарды бағалауға, кітап оқуға баулу және ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру. Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «**15 минут оқы**» атты қоңырауда оқу акциясы ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар қоңырау уақытын тиімді пайдаланып, сүйікті кітаптарынан үзінділер оқып, алған әсерлерімен бөлісті. Бұл бастама балалардың кітапқа қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды қысқа уақытты тиімді пайдалануға үйрету, кітап оқуды күнделікті дағдыға айналдыру және оқу арқылы білімге құштарлығын дамыту. 9-сынып оқушылары мектеп кітапханасында өткен «**Библио-кафе**» атты іс-шараға қатысты. Іс-шара барысында оқушылар өз сүйікті кітаптары мен авторлары туралы әңгімелеп, кітаптардан үзінділер оқыды. Сондай-ақ, әрбір қатысушы жаңа әдеби шығармаларды таныстырып, кітап оқу мәдениетін арттыруға үлес қосты. Іс-шара барысында оқушыларға ынғайлы атмосферада кітап оқуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берілді. Қатысушылар кітап туралы пікір алмасып, жаңа әдеби ұсыныстармен танысты. Бұл іс-шара оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді тәжірибе болды. 8-сынып оқушылары мектепте өткен «**Отбасы – өмір айнасы**» атты іс-шараға қатысты. Іс-шара барысында оқушылар отбасының мәні, оның қоғамдағы рөлі, ата-ана мен бала арасындағы байланыс туралы әңгімеледі. Шара барысында әр топ өз отбасылық дәстүрлерін таныстырып, отбасы құндылықтары туралы қысқаша презентациялар жасады. Сондай-ақ, оқушылар отбасы жайлы әңгімелер айтып, өз ойларын бөлісті. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың отбасыға деген құрметін арттыру, отбасының мәнін түсіндіру және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болды. 4-сынып оқушылары мектепте өткен «**Ана тілі – рухани қазына**» атты іс-шараға қатысты. Оқушылар ана тілінің байлығы, оның маңызы мен адам өміріндегі рөлі туралы әңгімеледі. Шара барысында балалар қазақ тілінде өлеңдер оқып, мақал-мәтелдерді айтып, шығармашылық тапсырмаларды орындады. Сонымен қатар, оқушылар ана тілінің сақталуы мен құрметтелуінің маңызы туралы пікірлерін білдірді. Бұл іс-шара оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, тіл мәдениетін дамытуға бағытталған. 9-сынып оқушылары мектепте өткен «**Кітаппен жарқын әлемге**» интеллектуалды сайысқа қатысты. Іс-шара барысында оқушылар өз білімдерін, логикалық ойлау қабілеттерін және әдеби шығармаларды түсіну деңгейін көрсетті. Сайыс барысында қатысушылар әртүрлі сұрақтарға жауап беріп, әдебиет бойынша тапсырмаларды орындады. Сонымен қатар, оқушылар командалық жұмыс арқылы өз ойларын ашық білдіріп, шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Бұл іс-шара оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, интеллектуалды дамуына септігін тигізді.

#### **Білім алушылардың білімін бағалау**

##### **Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:**

**-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім**

**берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық дейгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);**

Зерделеу нәтижесі бойынша:

**2023-2024 оқу жылында** білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023ж №96 ) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2023-2024 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

9 класс 41 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтіп, негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат алды, оның ішінде «Үздік аттестат»-8.Төлеген Ділмұхаммед,Сағындықова Айханым,Жылқыбаева Нұрайлым,Базарбай Ерасыл,Алдабай Амир,Амангелдиева Аяна,Төлеген Жанель,Нұрмағамбетов Ерсұлтан. 9 класс оқушысы Михас Әйгерім Михасқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген 4-тарауының 50, 51 тармақтарына сәйкес, Ақтөбе облысы білім басқармасының 27.05.2024 жылғы №86 бұйрығы негізінде қорытынды аттестаттау емтихандарынан босатылды.

11 класс-33 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтіп, жалпы мектепті бітіргені туралы аттестат алды, оның ішінде -1 «Алтын белгі»-Құлұнтаева Айзере.

**2023-2024 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:**

№	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9 «а»	29.05.2024	Қазақ тілі	Эссе	22	6	10	6	0	72,7%	Бакиева Г.А
2	9 «ә»	29.05.2024	Қазақ тілі	Эссе	20	7	7	6	0	70 %	Бакиева Г.А
3	9 «а», 9 «ә»	06.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	42	11	15	16	0	61,9%	Нуралина Л.М
4	9 «а»	03.06.2024	Алгебра және анализ бастамалары	Бақылау	22	3	8	11	0	50%	Көшкінбаева Ж.Б
5	9 «ә»	03.06.2024	Алгебра және анализ бастамалары	Бақылау	20	6	5	9	0	55%	Көшкінбаева Ж.Б
6	9 «а», 9 «ә»	10.06.2024	Қазақстан тарихы	Жазбаша	42	11	16	15	0	64,2%	Орынбаева А.К
1	11 «а»	28.05.2024	Қазақ тілі	Эссе	17	3	11	3	0	82,3%	Бакиева Г.А
2	11 «ә»	30.05.2024	Қазақ тілі	Эссе	14	6	8	0	0	100%	Қоштанбекова Р
3	11 «а»	31.05.2024	Алгебра және анализ бастамалары	Бақылау	17	1	9	7	0	58,8%	Тампилова Ж.Н
4	11 «ә»	31.05.2024	Алгебра және анализ бастамалары	Бақылау	14	1	8	5	0	64,2%	Көшкінбаева Ж.Б
5	11 «а», 11 «ә»	07.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	32	8	19	5	0	84,3%	Нуралина Л.М
6	11 «а», 11 «ә»	04.06.2024	Қазақстан тарихы	Ауызша	32	14	13	5	0	84,3%	Орынбаева А.К
7	11 «а», 11 «ә»	11.06.2024	Қазақ әдебиеті	Жазбаша	18	4	10	4	0	77,7%	Бакиева Г.А
8	11 «а», 11 «ә»	11.06.2024	Биология	Жазбаша	14	4	5	5	0	64,2%	Бектай А

Негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында 5-8,10 сынып қазақ тілінен емтихан қорытындысы

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
<b>2023-2024</b>	5	58	Қазақ тілі	14	31	13	0	77,5
	6	62		11	21	30	0	51,6
	7	52		11	16	25	0	51,9
	8	45		5	19	21	0	53,3
	10	34		5	14	15	0	85,2

**2024-2025 оқу жылында** білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023ж №96 ) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

**2024-2025 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:**

9 класс 44 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтіп, негізгі мектепті бітіргені туралы аттестатты алды, оның ішінде «Үздік аттестат»-2-Тлепин Марлен, Наурызбай Мерей.

11 класс-34 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтіп, жалпы мектепті бітіргені туралы аттестат алды, оның ішінде «Үздік аттестат»-2-Низағалиева Айгерім, Мұхтар Мерейлім.

**2024-2025 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:**

**1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);**

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда **күтілетін нәтижелер** оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптарда оқу процесі бастауыш білім берудің төмендетілген оқу жүктемесімен, 5-9 сыныптарданегізгі орта білім берудің төмендетілген оқу жүктемесімен, 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген) оқу бағдарламасымен оқытылды. оқу жылдарында 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

№	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9 «а», 9 «ә»	02.06.2025	Қазақ тілі	Эссе	42	4	19	18	0	54,7%	Бакиева Г.А
2	9 «а», 9 «ә»	29.05.2025	Алгебра	Бақылау	43	5	14	24	0	100%	Көшкінбаева Ж.Б
3	9 «а», 9 «ә»	10.06.2025	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	42	4	24	14	0	66,6%	Нуралина Л.М
4	9 «а», 9 «ә»	05.06.2025	Қазақстан тарихы	Жазбаша	42	5	18	19	0	54,7%	Орынбаева А.К
1	11 «а», 11 «ә»	09.06.2025	Қазақ тілі	Эссе	34	9	18	7	0	79,4%	Бакиева Г.А
2	11 «а», 11 «ә»	04.06.2025	Алгебра және анализ бастамалары	Бақылау	34	3	14	17	0	50%	Тампилова Ж.Н
3	11 «а», 11 «ә»	30.05.2025	Қазақстан тарихы	Ауызша	34	8	17	9	0	73,5%	Орынбаева А.К
4	11 «а», 11 «ә»	16.06.2025	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	34	10	13	11	0	100%	Сайлау Е.А

5	11 «а», 11 «ә»	12.06.2025	География	Жазбаша	16	2	7	7	0	56,2%	Тілеген Д.Н
6	11 «а», 11 «ә»	12.06.2025	Құқық	Жазбаша	13	0	12	1	0	92,3%	Орынбаева А.К
7	11 «а», 11 «ә»	12.06.2025	Биология	Жазбаша	5	2	3	0	0	100%	Балмаханова А

Негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.

2024-2025 оқу жылында 5-8,10 сынып қазақ тілінен емтихан қорытындысы

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2024-2025	5	48	Қазақ тілі	14	16	18	0	62,5
	6	61		14	30	17	0	72,1
	7	39		9	14	16	0	58,9
	8	48		8	20	20	0	58,3
	10	39		11	15	13	0	66,6

**Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.**

**Зерделеу барысында:**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2023-2024,2024-2025 оқу жылындағы сынып журналындағы бағалау «BilimClass» ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған.1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50%пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған.

Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 баллға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып, аяқтағаннан кейін өткізіп отырған. Мектеп бойынша әр тоқсан сайын директормен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бөйынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына 2 реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына 3 реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық бағалау өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білі

алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау**

#### **8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 16-17 мамыр аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын- 4, 9 кластарға сабақ беретін 33 – педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, 100 % сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп, 4, 9-сыныптардың білім алушыларынан 100 % қатысып, 98 % көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және олардың ата-аналарының (заңды өкілдеріне) 122-і қатысып -99% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

#### **4-9-сынып білім алушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін/ иә	Келіспеймін/ жоқ	Толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	109	14	0	0
2	Класта достарым бар	108	15	0	0
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	110	13	0	0
4	Біздің мектеп мұғалімдерінен қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	110	12	0	0
5	Сабақта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	108	15	0	0
6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	106	17	0	0
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	0	1	18	104
8	Менің мектебімде өзіндік және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	0	2	18	103
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	111	12	0	0
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	111	11	0	1
11	Мен өз құқығымды білемін	113	10	0	0
12	Мен үйірмелерге, секцияларға барамын	109	14	0	0
13	Менде мектептің қоғамдық өміріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	107	16	0	0
14	Мектеп үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде	108	15	0	0

	менің жетістіктерім байқалады				
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	113	9	0	0
16	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді	0	0	0	123
	<b>Барлығы:</b>	<b>72%</b>	<b>9 %</b>	<b>2%</b>	<b>17 %</b>

**4-9-сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Қатысқан оқушы саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	123	72%	9%	2%	17%
<b>98%-5 балл</b>					

**4-9-сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	96	26	0	0
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	89	33	0	0
3	Мектеп сапалы білім береді	91	31	0	0
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	84	38	0	0
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	92	30	0	0
6	Біздің баламызға оқу сабақтары мен үй тапсырмалары шамадан тыс жүктелмейді	85	35	1	0
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	87	35	1	0
8	Мен баламның оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	85	38	0	0
9	Мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	87	34	0	0
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	93	29	0	0
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және	87	35	0	0

	қызықты іс-шаралар өткізіледі				
12	Мен мектеп асханасы (буфет) қызметіне қанағаттанамын	83	38	2	0
13	Педагогтар педагогикалық әдеп нормаларын сақтайды	85	35	2	0
14	Менің балам мектепте қауіпсіз	86	36	0	0
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	87	34	1	0
16	Мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	84	34	1	0
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	76	44	0	1
	Барлығы:	<b>71,2%</b>	<b>29%</b>	<b>0,4%</b>	<b>0,05%</b>

**4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Қатысқан ата-ана саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	122	71,2%	29%	0,4%	0,05%
<b>99%-5 балл</b>					

**Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтермен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін жоқ	Толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс жасайтынымды мақтан тұтамын	29	4	0	0
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	29	4	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	29	4	0	0
4	Мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	30	3	0	0
5	Мектеп, оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	30	3	0	0
6	Мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	29	4	0	0
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	28	5	0	0
8	Мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	31	2	0	0
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	31	2	0	0

10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынады	28	5	0	0
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	29	4	0	0
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	28	5	0	0
13	Мен сабақ өткізетін кластардағы балалар білім алуға ынталы	30	3	0	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	32	1	0	0
15	Класс жетекші ретінде жұмысым жақсы жолға қойылған	31	2	0	0
16	Егер сізде шағымдар болса, сіз білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз.				
	<b>Барлығы:</b>	<b>91%</b>	<b>9%</b>	<b>0%</b>	<b>0%</b>

**Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтерінің сауалнама қорытындысы**

№	Қатысқан педагог саны	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	Толық келіспеймін
1	33	91%	9%	0%	0%
		<b>100 %-5 балл</b>			

Комиссия төрағасы:

\_\_\_\_\_ (қолы)

Кулунтаев Ақылбек Қазақбаевич  
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ (қолы)

Нуралина Самал Аскараровна  
(толық аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Алманиязова Салтанат Асылбековна  
(толық аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Айтқулова Гүльнур Базарбековна  
(толық аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Сақтағанова Камажай Джанабаевана  
(толық аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Мустафина Айнур Еламановна  
(толық аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Сартаева Диана Саматқызы  
(толық аты-жөні)

10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынады	28	5	0	0
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	29	4	0	0
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	28	5	0	0
13	Мен сабақ өткізетін кластардағы балалар білім алуға ынталы	30	3	0	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	32	1	0	0
15	Класс жетекші ретінде жұмысым жақсы жолға қойылған	31	2	0	0
16	Егер сізде шағымдар болса, сіз білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз.				
<b>Барлығы:</b>		<b>91%</b>	<b>9%</b>	<b>0%</b>	<b>0%</b>

**Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтерінің сауалнама қорытындысы**

№	Қатысқан педагог саны	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	Толық келіспеймін
1	33	91%	9%	0%	0%
<b>100 %-5 балл</b>					

Комиссия төрағасы:



Кулунтаев Ақылбек Казакбаевич  
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

Нуралина Самал Аскараровна  
(толық аты-жөні)

Алманиязова  
(қолы)

Алманиязова Салтанат Асылбековна  
(толық аты-жөні)

Айткулова  
(қолы)

Айткулова Гульнур Базарбековна  
(толық аты-жөні)

Сақтағанова  
(қолы)

Сақтағанова Камажай Джанабаевана  
(толық аты-жөні)

Мустафина  
(қолы)

Мустафина Айнур Еламановна  
(толық аты-жөні)

Сартаева  
(қолы)

Сартаева Диана Саматқызы  
(толық аты-жөні)